

Әзілі жарасқан жандар

8 қараша – әзілкештер Халықаралық КВН күнін атап өтеді

2001 жылдың қараша айының 8-ші жұлдызы ТМД елдері бойынша Халықаралық КВН күні болып бекітілді.

2005 жылы «Қазақстан КВН Одағы» республикалық жастар қоғамдық бірлестігі құрылып, қазақша сатираға жаны құмар жастардың басы бірікті. Сол уақыттан бастап талантты жастарымыздың басы қосылып, өнерлерін көпке паш етуге үлкен мүмкіндік сыйлап жүрген керемет жобалардың бірі күннен-күнге қанатын кеңге жайып, шарықтап келеді.

Біздің аудан жастары да бұл сайыс түрінен тыс қалған емес. 2016 жылы ауданымызда «То, что надо» атты КВН командасы құрылған. Жастардан құралған КВН құрамасы қазіргі таңда Меңдіқара ауданының намысын облыстық байқауларда қорғап жүр.

Біздің топ 2016 жылы құрылған болатын. Ол уақыттарда барлығымызда К.Дөненбаева атындағы кәсіптік-техникалық колледжінің студенттері едік. Ең алғашқы сайы-



Облыстық байқауда аудан намысын қорғаған күн

сымызда біз 3-ші орынды қанжығамызға байладық. Алғашқы ойын үшін бұл бізге үлкен нәтиже болатын. Қазіргі таңда жеткен жетістіктеріміз ауыз толтырып айтарлықтай.

Әр кез сахнаға шыққан сайын, көрермендеріміздің ыстық ілтипаты бізді жігерлендіреді, - дейді команда мүшесі Дмитрий Масунов

Алғаш құрылған жыл-

дары топ мүшелері жиі ауысқан екен. Қазіргі таңда өз жанкүйерлерін жинаған команданың ауданымызға танымал әзілкештері бар. Олар Дмитрий Масунов, Антон

Сатаев, Рахат Жумаров, Алена Токарева, Еламан Исламканов, Данил Думин, Владимир Баранов, Бекарыс Тыныштық, Олеся Волосюк.

Команда 2017 және 2019

жылдары Меңдіқара ауданының екі дүркін жеңімпазы атанған. «Достар», «Колледж стайл» атты облыстық фестивалдерінде аудан намысын қорғаған, өте жақсы нәтиже көрсетіп, көптің көзіне түскен.

- Біз аудан ішінде жыл сайын қайырымдылық концерттерін ұйымдастырып тұрамыз. Билет санынан жиналған қаржыны бірден қайырымдылық қорына аударамыз. Облыстық ойындарда көбінесе жүлделі орындарда ақшалай сыйлықтар ұсынылады. Сондағы ұтыс ойынына ойнатылған қаржыны ауданымыздағы қайырымдылыққа немесе аз қамтылған отбасыларға көмек ретінде береміз, - дейді топ басшысы.

КВН арқылы есейіп, бой жеткен команда мүшелері қазіргі таңда өмірден өз орындарың тапқан азамат-азаматшалар, бір-біріне жақын болып кеткен бауырлар. Топ мүшелеріне денсаулық, еңбек жолында үлкен табыс тілейміз, жеңіс тұғырында әрдайым биіктен көрініп аудан намысын республикалық деңгейде қорғауларыңызға тілектеспіз.

Ақжан БАЙТҮРСЫНОВА